

ЕЛІМІЗДІҢ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДА ЕҢ СҰРАНЫСҚА ИЕ ЖҰМЫСТАР – ТЕМІР ЖОЛДА. ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫМЕН ЖӘНЕ ЕЛ ІШІНДЕ ДЕ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР ШЕҢБЕРІНДЕ ДЕ КӨЛІК ДӘЛІЗДЕРІНІҢ КЕҢЕЮІМЕН ТЕМІРЖОЛ САЛАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ АРТЫП КЕЛЕДІ. ОСЫ ЖАҒДАЙДА БІЗ ӨНДІРІСТІК МАМАНДЫҚТАР БОЙЫНША КАДРЛАР ЖЕТІСПЕУШІЛІГІН СЕЗІНІП ОТЫРМЫЗ.

Әлихан ҚЫРАУБАЕВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Адам ресурстарын басқару
департаментінің директоры



№96 (3026)
12/11/2024

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



ҚЫС – ҚЫР АСТЫНДА...

Теміржол шаруашылықтары алдағы қатал маусымға дайындық шараларын қамтамасыз ететін күзгі комиссиялық байқауды қорытындылап, қыс маусымына сақадай сай қам жасауда. Комиссиялық байқау инфрақұрылымның жылжымалы құрам мен техниканың алдағы қыста қауіпсіз де үздіксіз жұмыс істеуін сарапқа салып, қанағаттанарлық деп бағалады.

Ислам ТАЛҒАТ,
Астана

Бүгінгі таңда «ҚТЖ» ҰК» АҚ Магистральдық желі дирекциясы филиалы шаруашылықтарында

күзгі байқау кезінде анықталған ескертулерді жою бағытында жұмыс атқаруда. Байқау барысында дирекция бойынша 113 мың кемшілік анықталған. Жалпы, биыл 21 120 км негізгі жол, 2 837 км станциялық,

19 154 бағыттағыш бұрма, 91 байланыс желісі ауданы, 85 электрмен жабдықтау ауданы және 75 тартымдық қосалқы станциясы жағдайлары тексерілген. 3,4 дәрежелі ақауы бар күрделі жөндеу мерзімі өтіп кеткен

және қанағаттанарлықсыз баға алған телімдерде пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтауға қауіп төндіретін ақаулықтарды анықтауға және дер кезінде жоюға ерекше көңіл бөлінген. Сонымен қатар қысқы телімдердің, түйіспе саңылауларының, рельс бекітпелерінің, бағыттағыш бұрмалардың жағдайлары, сондай-ақ техникалық құжаттамалардың толтырылуы мен технологиялық процестің орындалуы комиссия мүшелерінің назарынан тыс қалмаған.

«Күзгі байқау қорытындысын сарапқа салар болсақ, жергілікті жерлерде ғимараттар мен құрылыстардың жағдайына қатысты мәселелер бойынша жұмыстардың жақсара түскені байқалады. Барлық магистральдық желі бөлімшелері бойынша күзгі байқау қорытындысын назарға ала отырып, инфрақұрылым нысандарын күтіп ұстау нормаларынан ауытқушылықтарды жоюға қатысты іс-шаралар әзірленіп, бекітілді. Қазір Дирекцияның тиісті құрылымдық бөлімшелері белгіленген мерзімге сәйкес кемшіліктердің толық жойылуын бақылауға алып, осы бағытта жұмысты күшейтуде», – дейді Магистральдық желі дирекциясына қарасты Техникалық департаменттің менеджері Гүлнәр Тілеуова.

Қыс – қыр астында. Солтүстік аймақтарда алғашқы қар түсіп, ауа райы күрт суыта бастады. Қыс шаңысын жаз сайлап үйренген теміржол шаруашылықтары үшін жауапты да мазасыз маусым басталды.

Суретті түсірген
Александр ЖАБЧУК

КӨЛІК МИНИСТРІ КЕЛДІ



ҚР Көлік министрі Марат Қарабаев көлік инфрақұрылымның жай-күйімен танысу үшін Қызылорда облысына келді. Ведомство басшысы жергілікті тұрғындармен кездесу өткізіп, азаматтарды жеке қабылдады.

Министр былтырғы кездесуде көтерілген мәселелердің қалай шешімін тапқанына тоқталып, соның ішінде автожол, әуе жолы және теміржолға қатысты жұмыстарға тоқталып, жаңа өндіріс орындары туралы ақпарат берді.

Сонымен қатар министр жергілікті вокзалдар жайына да тоқталып өтті.

– Былтыр 54 вокзалды жаңғырту бойынша жобалық-сметалық құжат жасауға айқындағанбыз. Алайда бұл жұмыстар қаржылық жағдайға байланысты келесі жылдарға қалдырылды. Қазақстан бойынша Қызылорда, Түркістан, Шымкент және Павлодар өңірлерінің, осы төртеуінің ғана вокзалдары жақсы. Осылар ғана жөндеуден өтіп, жаңаланған. Қалғандарының өкінішке қарай жағдайы төмен, – деді министр.

Министрдің сапары әрі қарай Түркістан, Жамбыл, Жетісу облыстарында және Алматы мен Шымкент қалаларында жалғасады.

Ұлан ОРАЗ



Нуржан КУРМАНАЛИУЛЫ,
первый заместитель директора
филиала ТОО «ҚТЖ – Грузовые
перевозки» – «Алматинское отделение ГП»:

БЛАГОДАРИ СТАРАНИЕМ НАШИХ СПЕЦИАЛИСТОВ И ЧЕТКОЙ ОРГАНИЗАЦИИ РАБОТЫ МЫ СМОГЛИ ЗАВЕРШИТЬ ВНЕДРЕНИЕ СОВРЕМЕННОЙ СИСТЕМЫ МИКРОПРОЦЕССОРНОЙ ЦЕНТРАЛИЗАЦИИ СТРЕЛОК И СВЕТОФОРОВ «МПЦ-02». ЭТО УЛУЧШЕНИЕ СТАНЕТ ЗАЛОГОМ НАДЕЖНОСТИ И СТАБИЛЬНОСТИ РАБОТЫ СТАНЦИИ ДОСТЫК, А ЗНАЧИТ, И ВСЕГО ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО СООБЩЕНИЯ В РЕГИОНЕ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

БИЫЛ «ҚТЖ» ҰК» АҚ
КӘСІПОРЫНДАРЫНДА

1542

СТУДЕНТ ӨНДІРІСТІК
ТӘЖІРИБЕДЕН ӨТКЕН.

ЕЛІМІЗДЕ БҮГІНДЕ

301

ВОКЗАЛ БАР.

АҚМОЛА ЖҮК ТАСЫМАЛЫ
БӨЛІМШЕСІНДЕ

37

ЖЕДЕЛДЕТІЛГЕН АСТЫҚ
МАРШРУТТЫҚ ПОЙЫЗЫ
ҚҰРЫЛЫП, ЖӨНЕЛТІЛДІ.

Совещание

ДИСЦИПЛИНА И ОТВЕТСТВЕННЫЙ ПОДХОД

Проблемы, связанные с обеспечением безопасности движения на железнодорожном транспорте, были озвучены на расширенном узловом совещании под руководством директора департамента безопасности движения АО «НК «ҚТЖ» Марата Шакиенова. В мероприятии приняли участие руководители предприятий Алматинского узла, локомотивные бригады и начальники станций.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Главной темой обсуждения стали вопросы повышения уровня контроля на всех этапах движения и улучшения взаимодействия между подразделениями. Марат Шакиенов дал оценку хозяйству, акцентировав внимание на выявленные замечания и отклонения от норм содержания в ходе контрольной проверки осеннего осмотра и готовности хозяйств и кадров к работе в зимний период.

Так, в ходе контрольного осеннего осмотра филиала грузовых перевозок выявлено более 100 замечаний, в том числе 27 запретных мер. При этом отмечено, что несвоевременно проводится ознакомление с поступившими телеграфными указаниями по нарушениям безопасности движения. К примеру, в служебных формулярах локомотивных бригад отсутствует запись схода электровоза и грузового поезда от 9 октября 2024 года на станции Сурган Акмолинской области.

Марат Шакиенов подробно остановился на обстоятельствах происшествия, сделав акцент на дежурных по депо, показавших слабые знания руководящих приказов, должностных обязанностей. Также упущен контроль нарядами локомотивных бригад в нарушении должностной инструкции, в части своевременного представления выходных дней и регулирования часов локомотивных бригад. На совещании были рассмотрены все вопросы из Книжки замечаний машинистов, был сделан акцент на том, что некоторые подразделения несвоевременно отвечают на рапорта машинистов, что приводит к затруднениям в работе.

Также было уделено внимание перегону Алматы-1 – Алматы-2, где до сих пор не завершены работы по уборке растительности вдоль путей. Отмечено, что в ходе контрольной проверки в хозяйстве пути выявлено более 150 отступлений,



принято 74 запретные меры, в том числе в дистанциях пути – Достык, Актогай, Уштобе, Алматы. Особую тревогу вызывает неудовлетворительное ведение текущего содержания бесстыкового пути и стрелочных переводов по участку Алматы – Отар. Только по данному участку принято 42 запретные меры, не лучшим образом остается состояние стрелочных переводов и станционных путей на станции Отар. В Уштобинской дистанции электроснабжения не контролируется работа по текущему содержанию воздушных линий электропередачи. Имеются многочисленные нарушения технического состояния траверса,

17 остродефектных опор ВЛ-6кВ АВ на перегоне Береке – Жасказак участка Матай – Актогай эксплуатируется с наклонными свехдопустимыми норм, также на участке Актогай – Саяк не заменены 39 дефектных опор. Кроме того, основными причинами нарушений по Алматинскому участку являются отсутствие технологической дисциплины, недостаточно проводимая профилактическая работа, невыполнение в установленном объеме личных нормативов и должностных обязанностей отдельными руководителями предприятий.

Марат Шакиенов подчеркнул важность слаженной работы всех подразделений для

обеспечения безопасности на железной дороге, особенно при производстве технологических «окон».

– Такой подход позволяет оперативно реагировать на любые ситуации и принимать меры для повышения безопасности движения на всех участках железнодорожной сети, каждый сотрудник несет ответственность за безопасность движения, и только совместными усилиями можно достичь высоких стандартов работы, – отметил он.

Много вопросов было адресовано хозяйству магистральной сети, в частности по строительству и ремонту скотоизгородей на отдельных участках и переездах. На совещании говорилось, что еще тревожной остается ситуация по наездам на людей и скот, хотя применяются действенные меры.

В заключение Марат Шакиенов призвал всех участников неукоснительно соблюдать должностные инструкции и требования безопасности.

Фото автора

АСТЫҚ ЭСКПОРТЫ АРТҚАН



Биыл 10 айда ҚТЖ желісі бойынша астық тиеу 7,8 млн тоннаны құрады. Республика бойынша астық тасымалы 7%-ке, 1,8 млн тоннаға дейін өсті. Экспортқа теміржол көлігімен 6 млн тонна жөнелтілді. Астық экспорты Тәжікстанға 9%-ке, Иранға 35%-ке, Қырғызстанға 2,5 есеге өсті.

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Жыл соңына дейін ҚТЖ ай сайын 1 млн тоннадан астам астық тасымалдауға дайын. Ол үшін барлық ресурстар бар. Мәселен,

ҚТЖ қараша айында 1,2 млн тонна астық, желтоқсанда 1,3 млн тонна астық тасымалдауды болжап отыр. Қараша айында экспортқа 890 мың тоннадан астам астық, желтоқсанда 970 мың тоннадан астамы жөнелтілетін болады.

2024 жылға арналған жалпы көлемнің болжамы шамамен 10,2 млн тонна астықты құрайды, оның ішінде экспортқа 7,8 млн тонна. Орталық Азия елдеріне экспорт 4,7 млн тоннаға, ҚХР-ға 1,6 млн тоннаға құрайды. 2024 жылдың қорытындысы бой-

ынша ҚТЖ астықты ел ішінде тасымалдауды 8%-ке, 2,4 млн тоннаға дейін ұлғайтуды жоспарлап отыр.

Сонымен қатар 10 айда мұнай жүктерін тиеу 2,3%-ке, 16 млн тоннаға дейін, қара металдарды тиеу 3%-ке, 3,7 млн тоннаға дейін, темір кені мен марганец тиеу 1,4%-ке, 17,6 млн тоннаға дейін, түсті кен тиеу 9,8%-ке, 20,6 млн тоннаға дейін ұлғайды.

Ал қазан айында жалпы тиелген жүк көлемі 23,6 млн тоннаға құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,3% жоғары болып отыр. Өткен жылғы астық тасымалдау деңгейіне қарағанда биылғы көрсеткіш 29,2%-ке, 1,2 млн тоннаға дейін, ал тас көмір 1,1%-ке, 9,8 млн тоннаға дейін өсті.

ҚАТАЛ МАУСЫМҒА ДАЙЫН

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе



Ақтөбелік теміржолшылар қысқа жақсы дайындықпен келді. Күзгі байқауды ойдағыдай өткізіп, қатал маусымға дайындық пысықталды. Әлеуметтік нысандарға көмір толық жеткізілді, 242 автокөлік қыс маусымына сақадай сай.



Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі жол бөлімінің бастығы Бауыржан Хамзиннің есебіне сүйенсек, биыл жол жағдайын бағалау жоспары 100% орындалған. Биыл Ақтөбе аумағында 77,8 км жолға күрделі жөндеу жоспарының бүгінде 72 шақырым аяқталып, жұмыс 91% орындалды. Ал 16,427 шақырым темір жолға жоспарланған күшейтілген орташа жол жөндеу жұмысы 100% орындалды. 92 жиынтық бағыттама бұрмаларының 75-і салынды.

Сондай-ақ бүгінде 50,173 км жолға жаңа рельс төсемесін салу жұмыстары жүріп жатыр. Қазіргі уақытта оның 33 шақырымы аяқталды. РМ жол машинасының көмегімен 68,1 км жолдағы ластанған балласты тазалаудың 35 км жұмысы аяқталды.

Жасалған жұмыстар нәтижесінде «Тальго» пойыздарының жылдамдығы сағатына 90,8 км-ге, жүк және контейнерлік пойыздар үшін жылдамдық сағатына 81,9 км-ге артты. Жол жөндеу жұмыстарымен қатар электр желілері жөндеуді және ауыстырылды. 10 аккумуляторлық шкафтар, 49 кабельдік муфта және апаттық жағдайда тұрған 601 аккумулятор жаңартылды. Мұның бәрі қызмет сапасын жақсарту жұмыстары үшін маңызды. Белгі беру және байланыс дистанциялары бойынша 7 дизельдік генератор қондырғысы ауыстырылды. Атап айтсақ, 6 және 313-ші развездер, Никельтау, Шұбарқұдық, Шалқар, Жилаево және Орал-Товарная станцияларында генераторлар жаңартылды.

Сонымен қатар 51 ғимаратта ішкі жөндеу жұмыстары жүрді. Оның 25-і магистральдық желі қызметкерлерінің күшімен, 26 ғимарат «Теміржолсу Ақтөбе» ЖШС мекемесінің күшімен жасалды.

Орал, Никельтау, Ақтөбе, Қандыағаш, Біршоғыр станцияларындағы 12 қазандық қалыпты жұмыс істеп тұр. Аймаққа қажетті 5296 тонна көмір толықтай жеткізілген. Оның 3036 тоннасы шаруашылық көмір, 2260 тоннасы техникалық көмір. Жылу трассаларын дайындау, қар қоршауларын ағымдағы жөндеу жұмыстары да толықтай аяқталды. Қар тазалау техникалары толық тексерістен өткен, сапта тұр. Қысты бірінші рет темір жол бойындағы өткізетін 134 жас маман арнайы курстық оқудан өтті.

Он шақты мекемеде шатырды жөндеу, асхананы жаңарту, жұмысшыларға арналған душ және қосалқы бөлмелерді, қоймаларды жөндеу жұмыстары аяқталды. Никельтау станциясында ПТО және станция өкімшілігі ғимараттарын газдандыру бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталды. Екі нысан да газбен жылыту жүйесіне қосылып, қалыпты жұмыс істеп тұр. Ал Никельтау станциясындағы байланыс үйінің ғимаратын газдандыру жобасы мақұлданды, құрылыс-монтаждау жұмыстары бойынша конкурстық рәсімдер өтуге тиіс.

Аймақтағы 44 вокзал шаруашылығы да қысқа тас-түйін дайын келді. Теміржолшылар қысқы киіммен 100% қамтамасыз етілді.

Суретті түсірген автор

Қауіпсіздік

ЖАЗА ҚОЛДАНУМЕН ЖҰМЫС БІТПЕЙДІ...

Қозғалыс қауіпсіздігі – семейлік теміржолшыл ар үшін де күн тәртібінен түспейтін бірінші кезектегі мәселе. Желі бойындағы оқыс оқиғалардың алдын алу, ақаулықтарға жол бермеу әрдайым өзекті.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей



Ағымдағы жылдың өткен он айына тоқталсақ, қозғалыс қауіпсіздігін бұзу бойынша 75 оқиға тіркеліпті. Келеңсіз жайттардың өткен жылдың есепті мерзімімен салыстырғанда 11 оқиғаға көбейіп отырғаны алаңдатады.

Бұл ретте «КТЖ» ҰК» АҚ Қозғалыс қауіпсіздігі департаменті Семей тегімінің аймақтық бас ревизоры Темірбек Ақчаловтың айтуынша, ЖТ бойынша төрт тосын жайт тіркеліпті. Семей станциясында бір адам жазым болса, тағы бірде сұрыптау дөңесіндегі маневрлік жұмыс барысында қақтығыс салдарынан автоматікөгіштің ақаулығы орын алған. Сол тәрізді ТЧЭ-24 пен ТЧЭ-25 мекемелерінде де тосын оқиғаларға жол берілген.

– Тіркілген төрт келеңсіз жайт бойынша қызметтік талқылаулар жасалып, себептері анықталды. Жұмысқа немқұрайлы қараудың нәтижесі осыған алып келген. Станция қыз-

меткерлері мен локомотив шаруашылығы бойынша 25 жазалау шарасы қолданылды, – дейді Темірбек Иманғабасұлы.

Жалпы, жыл бойына РБ-6 аппараты қозғалыс қауіпсіздігін бұзу факторына жол бермес үшін 514 тексеру жүргізілді. Соның ішінде жоспарлы тексерістерден бөлек, тосыннан және түнгі тексерістер де орын алған.

– Жүргізілген тексерулер нәтижесіне сүйенсек, нормативтік-техникалық құжаттар рәсімдеу, жылжымалы құрамдар мен құрылғыларға күтім жасау нормаларын бұзудың 8009 оқиғасы анықталды. Қорытынды бойынша 1445 шектеу шаралары қолданылды. Соның нәтижесінде сенімділігі төмен жылжымалы құрамдар тоқтатылды. Атап айтсақ, 28 локомотив пен 241 жүк вагондары пайдаланудан алынды. Сол тәрізді коммерциялық ақаулық бойынша 12 жүк вагонының қызметі шектелді, – дейді

аймақтық бас ревизор.

Айрықша назар аударлатын бір жайт, пойыздар қозғалысы кезінде қауіпсіздік талаптарының сақталуы болып отыр. Осы орайда өткен он айдың ішінде 114 жол жабылып, 17 негізгі жол мен 49 қабылдау-жөнелту жолдарына уақытша тыйым салынған. Сондай-ақ 116 бағыттамалы бұрмалар жабылыпты. Және 551 шақырымда жылдамдықты шектеу шаралары қолданылған.

Аймақтық бас ревизордың айтуынша, мекемелерде өткізіліп жатқан техникалық оқу сабақтары да тексерілуде. Осы орайда 21 тексеріс кезінде 257 кемшілік анықталыпты. Нәтижесінде 90 жұмысшы қайтадан біліктілігін арттыруға жіберіліп, бес техникалық оқу сабақтарын қайтадан өткізуге нұсқау берілген.

Қадағалау шаралары кезінде басшылық қызметтер де назарға алынған. НОД-ЖТ мен НЖС-6 басшыларының нормативтерді орындауын қадағалау үшін 61 тексеру жүргізілген. Нәтижесі көңіл көншіпейді, 175 кемшілік анықталып, 39 мекеменің басшыларына арнайы жаза қолданылған.

– Әрине, жаза қолданумен жұмыс бітпейді. Сондықтан кемшіліктерді түп тамырымен жоюға бағытталған шараларды жалғастыра береміз, – дейді бас ревизор.

Бүгінде шаруашылық ревизорлары төртінші тоқсанға бекітілген жоспар бойынша жұмыс жүргізуге көшті. Алайда әзірге мекемелердің қозғалыс қауіпсіздігін сақтау шараларының тиімділігі әлі де төмен болып тұр.

Суретті түсірген автор

ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ШАРАЛАР НӘТИЖЕ БЕРМЕЙ ОТЫР

Ғасырдан астам уақыт бұрын іргесі қаланған теміржол магистралі Сыр бойындағы барлық аудандардың үстінен көктей өтеді. Болат табанды жолмен ерсілі-қарсылы зулап жатқан сансыз құрамдардың қауіпсіз қозғалысы қашан да маңызды.

Сабырхан СЕЙЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

«КТЖ» ҰК» АҚ Қауіпсіздік департаментінің Қызылорда учаскелік ревизорлар аппараты батысы Арал теңізіне дейін ұласып жатқан, оңтүстікте Түркістан станциясына дейінгі теміржолдағы қозғалыс қауіпсіздігін тәулік бойы бақылауда ұстайды. Бас ревизоры Алматы Молдашев жыл басынан бері 671 тексеру жүргізіліп, 7364 кемшілік табылғанын мәлімдеді.

Қызылорда ЖТ және Магистральдық желі бөлімшелеріне қарасты шаруашылықтарда биылғы жылдың 10 айында жұмыс барысында 2 оқыс оқиға тіркелген. Жылдың басы 24 аптанда Қазалы станциясында маневрлік қозғалыс кезінде тыйым салу бағдаршамынан өтіп кету салдарынан нөмірі 73024234 вагон рельстен тайып кеткен. Ал жуырда 10 қазан күні Қазалы қалпына келтіру пойызының ЕДҚ-500 кранының да рельстен тайып кету оқиғасы тіркелді. Сонымен қатар 1 инцидент – 1 тамызда Бірқазан станциясының 3-ші жолындағы бағдаршамның көрсеткіші кенеттен қызылға ауысып, 1275 нөмірлі жүк пойызы тоқтамай өтіп кету жағдайы орын алған. Былтырғы жылдың 10 айында да 2 оқыс оқиға мен 3 инцидент орын алған, биыл 2 инцидентке болса да азайған.



– Жыл басынан бері 671 тексеру жүргізіліп, 7364 кемшілік табылды. Нәтижесінде 76 рет тепловоз, 128 рет жүк вагоны, 14 рет жолаушылар вагоны кінәраттарына байланысты ағытылды. 65 рет жол қауіпсіздігіне қатер төнгесін жол бұрмаларында, 21 рет станция жолдарында, 3 рет қабылдау-жөнелту жолдарында, 1 рет бас жолда, 17 рет кірме жолдарда пойыздар қозғалысы үшін жол жабылды. 43 станция жолдарында, 110 рет жол бұрмаларында қауіпсіздік мақсатында

пойыздардың жылдамдығы азайтылды. 59 рет өткізілген айлық аясында жолдар мен бұрмалар сапасыз тексерілгені анықталып, қайта өткізуге пәрмен берілді. 71 рет технологиялық үдеріс кестесі сапасыз орындалғаны анықталып, қайта өткізуге тапсырма берілді, 33 рет құралдардың сапасыз жөнделгені анықталып, қайта өңдеуге жіберілді. 40 жағдайда мамандардың техникалық білімі өз деңгейінде емес екендігі анықталып, тиісті шаралар алынды. Міне, осындай жұмыстар өз нәтижесін беріп, қозғалыс қауіпсіздігінің сақталуына әсерін тигізуде, – дейді бас ревизор Алматы Молдашев.

Ағымдағы жылдың 10 айында бөлімше бойынша пойыздар қозғалысында басқа еңшілес мекемелердің кесірінен жол қауіпсіздігін бұзудың 46 жағдайы тіркелген. Оның ішінде 6 оқыс оқиға – кірме жолдарда вагондардың рельстен тайып кетуі, 28 рет пойызға берілген тепловоздарды ақауына байланысты жол үстіне ауыстыру, 3 жағдайда пойыздардың жол үстіне шыққан бөде адамдарды басу оқиғасы, 2 рет вагонның ағытылуы, 1 рет өзінің ағытылуы және пойыздардың 1 сағаттан артық тұрып қалуы 2 рет орын алған, сонымен қатар 42 рет пойыздардың мал басу оқиғасы тіркелген.

2023 жылдың 10 айымен салыстырғанда пойыздар қозғалысында қауіпсіздіктің бұзылуы 9 жағдайға (37-ден 46-ға) көбейіп отыр. Мұнда әрине пойыздар қозғалысында жүк және жолаушы тасымалының артуының да әсері бар, десек те, ревизорлардың айтуынша профилактикалық шаралардың өз деңгейінде нәтиже бермей отырғаны да жасырын емес.

Суретті түсірген автор

МИКРОПРОЦЕССОРЛЫ ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ЗОР



Жуырда Астанада өткен «Жас үздік маман» кәсіби байқауының республикалық кезеңіне қатысып, үшінші орын алған Аңсар Молдатаев – Шымкент белгі беру және байланыс дистанциясына қарасты Манкент станциясында СОБ (сигналдарды орталықтандыру және блоктау құрылғысы) электромеханигі.

Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Шымкент

Үнемі ізденіп, біліктілігін жетілдіріп отыруды өзіне міндет санайтын маман Арыс қаласындағы теміржол колледжінде автоматика және телемеханика саласы бойынша мамандық алған соң маңызды зор стратегиялық нысандардың құрылысына қатысып, тәжірибе жинаған. Алдымен сол жылдары «Жаңаөзен-Болашақ» теміржол учаскесі салынып, соған мамандар жинап жатыр дегенді естіп, көз жұмып аттанып кетеді. Маңғыстаудағы ШЧ-10 мекемесінде электромеханик болып бірнеше жыл

еңбек етеді. Сосын елдің шығыс өңіріне аттанады. 2012 жылдан «Жетіген-Алтынкөл» тегімінде электромеханик болып басталған еңбек жолы 11 жылға созылып, алдымен Алтынкөл, кейіннен бірқатар мекемеге айналған Алматы белгі беру және байланыс дистанциясында тер төгеді. Өткен жылдың көктемінде отбасылық жағдайына байланысты өзінің туып-өскен жері Түлкібас станциясына ауысады.

Аңсар Болатбекұлынан байқаудың қалай өткенін сұрадық. Айтуынша, байқау жоғары деңгейде өткен, оған ұнағаны шеберлікті шындау бағытындағы тапсыр-

маларды орындау болыпты. Бір тапсырмада төрешілер учаскеде ақауды қолдан ұйымдастырып, оны 5 минут ішінде анықтап, қалпына келтіруді тапсырған. Мақсат – релелік жинақ қобдишасындағы ақауды жылдам табу керек. Біздің кейіпкеріміз көзді жұмып-ашқанша олқылықты оңай анықтаған.

– Бізге 5 минут берілгенімен, мен алғашқы минутта-ақ тапсырманы орындап үлгердім. Кітаптағы теорияға сүйенсек, релелік жинаққа тоқтық қай тұстан жетпей тұрғанын желінің соңғы нүктесінен бастап жоғары қарай іздеуім керек екен. Ал мен кері бағытта



іздеу әдісін қолдандым. Яғни тоқ көзі шыққан бойдағы бірінші бекеттен бастап тексеріп едім, сол тұстағы сақтандыру құралының (предохранитель) істен шыққанына көзім жетті. Сөйтіп әп-сәтте оң нәтиже көрсеттім. Алайда, төрешілер тарапынан маған осы әдісім үшін ескерту берілді. Себебі қолданған әдісім

жоғарыда айтылған теорияға қайшы екен. Ал мен ақау іздеуді ең жақын жерден бастауымның мәнісі – желінің екінші ұшына жетуге артық уақыт жоғалтқым келмеді, – дейді Аңсар Болатбекұлы.

Қызық болғанда, теория мен тәжірибенің кереғарлығы осы тұста сезілгендей ме, қалай?! Ақиқатында маман ақау анықтауда алыстан емес, жақын жерден іздеп бастағаны өте орынды әрі ойға қонымды. Уақыт үнемдеп, едел-жедел оң нәтиже көрсету – сапалы қызмет, сауатты шешім емес пе?! Қазіргі ғылыми тілмен айтқанда бұл әдісті жапондық «Кайдзен технологиясының» элементі ретінде қарастырып, бағалауға болатындай-ақ екен. Өкініштісі, біз кейде қасаң қағида, қалыс әдістеме жетегінде жүретініміз жасырын емес...

Технология демекші, Манкент станциясында релелер орналастырып отыратын штативтер өте ауқымды орын алады. Көлемі шағын болғанымен, блок ретінде сіресіп тұрған релелерге үлкен бөлме керек. Оны ұстап тұрудың шығыны да

аз болмасы белгілі. Ал енді осының орнына жаңадан қолдана бастаған микропроцессорлы МПЦ-950 құрылғысы орнатылса, тоназытқыш көлеміндегі гана қобдиша ішіндегі нысаналық бақылау тетіктері (объектний контроллер) релелердің қызметін мінсіз атқарар еді.

– Артықшылығы сол – мұндағы релелердің қызметін қуаттылықты көтере алатындай өлшеммен жасалған құймалы платалар атқарады. Станциядан шығатын барлық сигналдарды (парк аумағы мен шалғай учаскелердегі бағдаршамдарға жететін барлық сигналдарды) осы МПЦ-950 құрылғысы мұқият бақылауда ұстайды, – дейді А.Молдатаев.

Маманның айтуынша, микропроцессорлы құрылғының қызметі өте зор. Сондықтан соңғы үлгідегі заманауи құрылғыны жаппай қолданысқа енгізу керек. Өйткені берілген немесе орындалып жатқан тапсырма-сигналдардың қай деңгейде екені, операциялардың барлығы да компьютер экранында анық көрініп тұрады. Ал ескі әдісте жұмыс процесін арнайы кесте арқылы ғана анықтауға тура келеді.

Суретті түсірген автор

Снегоборьба

ОСАДКИ И ШКВАЛЬНЫЙ ВЕТЕР

За последнюю неделю в Карагандинском регионе наблюдались обильные осадки в виде снега, а скорость ветра достигала 23-28 метров в секунду. В связи с этим все железнодорожные структуры в полной мере готовы к встрече с зимой.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

Так, на станции Майкудук находится снегоочистительная техника, для расчистки главных и приемоотправочных путей. В первую очередь борьба со снегом будет производиться на станции Караганда, так как она в большей степени предназначена для пассажиров.

Для нас это не первая зима и не первый шквальный ветер, поэтому такие сюрпризы не стали неожиданностью для работников станции. Все они трудятся в штатном режиме, соблюдая технику безопасности на рабочих местах, – говорит начальник станции



Майкудук Еркен Садыков.

В свою очередь начальник Карагандинского эксплуатационного локомотивного депо (ТЧЭ-14) Максат Алимбеков сообщил, что подготовка к зимнему

периоду завершена, все работники обеспечены специальной зимней одеждой и обувью, а также индивидуальными средствами защиты от обморожения.

– Согласно утвержденному

плану по снегоборьбе, ежедневно в текущей работе задействованы работники станции и смежных предприятий. Руководителями предприятий разработан и утвержден график дежурства в период ухудшения погодных условий вплоть до окончания зимы, – рассказал он.

Всего по Карагандинскому отделению магистральной сети в работе будет задействовано около 40 единиц спецтехники – СМ, СДПМ, Ротор, Струг, ФРЭС.

Особенно под пристальным контролем находятся места наиболее подверженные снежным заносам. Это участки: Дария – Жарык – Нилды – Айса, станция Сарыбел, перегон Сарыбел – Актасты, путепровод 684-й километр, перегон Тегизжол – Улгерудный, участки Кокпекты – Карагайлы, Сороковая – Караганда – Жарык. На вышеназванных участках на регулярной основе очищаются выемки, также подлежат перестановке снегозащитные щиты.

Фото автора

МЕТЕЛЬ ПРИБАВИЛА РАБОТЫ

В Восточно-Казахстанской области прошли первые снегопады, что вызвало необходимость в расчистке железнодорожных путей для обеспечения бесперебойного движения грузовых и пассажирских поездов. Специализированную снегоочистительную технику 11 ноября направили на несколько перегонов и станций.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

Снегоочистители Оскеменской дистанции пути (ПЧ-37) вышли на участок Оскемен-1 – Риддер и станцию Риддер, – рассказал заместитель директора Семейского отделения


магистральной сети Алибек Шуманов. – Там образовалось скопление первого снега. Работники ПЧ-37 делают очистку стрелочных переводов, чтобы поезда не стояли. На сегодняшний день на станции Риддер также запланирована работа снегоборочных машин. По данным Алибека Шуманова, на участке

Шемонаиха – Предгорная также проводятся снегоочистительные работы с помощью специальной техники. Задержек поездов в Оскеменском регионе из-за снегопадов на сегодняшний день нет.

Готовности к работе в зимний период, очистке железной дороги от первого снега, обучению перевозчиков и обеспечению зимней спецодеждой и спецобувью железнодорожников большое внимание уделили на планерном совещании в Семейском отделении грузовых перевозок.

– Мы провели осенний комиссионный осмотр, техника прошла проверку, находится в рабочем состоянии, все отчитались. Но зима покажет, как мы действительно к ней подготовились, – резюмировал директор Семейского отделения грузовых перевозок Алмас Сейсемканов.

ОТДЕЛЕНИЕ ГОТОВО К ЗИМЕ



В целях обеспечения стабильной работы в зимний период и безопасности движения поездов и охраны труда на рабочих местах в Акмолинском отделении провели осенний осмотр. В ходе селекторного совещания были подведены итоги проверки хозяйств.

Руслан РАХМЕТОВ,
Кокшетау

Особое внимание было обращено на текущее состояние инфраструктуры, подвижного состава, производственно-технических объектов, вокзалов, технических средств и выявление отклонений в их содержании, соблюдение требований безопасности движения поездов, охраны труда, пожарной безопасности, исправность снегоочистительных и снегоборочных машин, обеспечение работников линейного уровня спецодеждой и спецобувью, инвентарем, оборудованием, материалами и запасными частями и обучение перевозчиков, готовность к работе в зимний период.

Так, ревизорами департамента безопасности движения по Акмолинскому участку выявлено 1 378 замечаний, принято 270 запретных мер.

На сегодняшний день, согласно плану мероприятий по подготовке хозяйств и кадров к работе в зимний период, подготовлены 220 зданий, 21 котельная, получен уголь

для технических нужд, обучено 839 перевозчиков, проверено 128 локомотивов с переводом узлов и систем на зимний режим, а также приведено в готовность 36 единиц снегоборочной и снегоочистительной техники, согласно заключенным договорам получены зимняя спецодежда и спецобувь.

– В целях профилактики нарушения безопасности движения поездов на основании телеграфного указания № 0006А от 15.10.2024 года ЦЗ-1 Талгата Алдыбергенова в период с 14 октября по 7 ноября 2024 года проведена работа по аттестации работников на знание Инструкции по обеспечению безопасности движения поездов при производстве работ по техническому обслуживанию и ремонту устройств СЦБ, утвержденный приказом от 21.01.2015 года № 54-ЦЗ, – отметил главный региональный ревизор департамента безопасности движения по Акмолинскому участку Казбек Ахметжанов.

На постоянной основе ревизорским аппаратом оказывается консультативная работа руководителям структурных подразделений



НОДГП-1, НЖС-1 Акмола.

По итогам осеннего осмотра за хорошую подготовку и работу отдельные руководители предприятий и работники среднего звена отмечены юбилейной медалью «120 лет Казахстан темір жолы», а также благодарственными письмами.

Также по итогам 10 месяцев текущего года по Акмолинскому отделению проведен капитальный ремонт пути в объеме 110 километров, средний ремонт пути – 12, сплошная смена рельсовых опор – 5, уложено 64 комплекта новых стрелочных переводов.

По итогам селекторного совещания директором Акмолинского отделения ГП Саятом Бекеновым были обозначены главные задачи перед коллективом отделения – обеспечение безопасной и бесперебойной работы железной дороги, рациональное использование трудовых и технических ресурсов.

Фото автора

ЦЕНА СПЕШКИ – ПОТЕРЯ ЖИЗНИ



В Алматинской дистанции пути насчитывается 18 железнодорожных переездов, из которых 10 – охраняемые. Несмотря на это, на переездах регулярно происходят нарушения правил безопасности.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Водители и пешеходы часто игнорируют сигналы светофоров и предупреждения, рискуя не только своей жизнью, но и жизнями других участников движения.

На 4 040-м километре перегона Боралдай – Аксентир расположен железнодорожный переезд, где наблюдается высокая интенсивность движения, особенно с участием большегрузных автомобилей. Это место требует особого внимания и строгого соблюдения правил безопасности, так как плотный график увеличивает риск аварийных ситуаций. Недавно на железнодорожном переезде столкнулись грузовик КамАЗ и легковая машина, перекрыв путь приближающему поезду. Бла-



годаря оперативным действиям дежурной по переезду Таттыгуль Садыковой удалось предотвратить столкновение с поездом. Она быстро оценила ситуацию и оповестила машиниста о препятствии на пути, организовав меры по остановке движения.

Этот переезд – один из самых опасных участков дороги. Ведь здесь сосредоточена промышленная

зона, насчитывается около семи заводов. Высокая и непрерывная интенсивность движения, рискованные обгоны и невнимательность водителей создают серьезные угрозы для безопасности всех участников дорожного движения.

Потенциальную опасность несет и переезд на 4 028-м километре перегона Аксентир – Шамалган, где находится пешеходный мост

для безопасного перехода. Однако, несмотря на наличие моста, многие пешеходы продолжают пересекать железнодорожные пути в неустановленном месте, игнорируя правила безопасности.

– Такое поведение подвергает опасности их жизни и создает дополнительные риски для водителей поездов, ведь соблюдение правил перехода, а также использование предусмотренной инфраструктуры, критически важно для сохранения безопасности всех участников движения, – отмечает мастер по производственному обучению Алматинской дистанции пути Нуржан Анарбеков.

Надо отметить, что на участке Аксентир – Шамалган введен в эксплуатацию новый путепровод, куда теперь перенаправлен основной автомобильный поток. Это нововведение существенно повышает безопасность на данном участке, снижая риск аварийных ситуаций на железнодорожном переезде. По мнению работников дистанции пути, необходимо полностью закрыть переезд, чтобы минимизировать опасность для водителей и пешеходов, исключив пересечение автомобильного и железнодорожного потоков.

Фото автора

ГЛАВНОЕ – ЧЕТКОСТЬ ДЕЙСТВИЙ

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



На станции Тобол Костанайского региона прошли тактико-специальные учения на тему «По условному тушению пожара в специальном подвижном составе».



Как сообщил начальник негосударственной железнодорожной противопожарной службы Костанайского региона Султан Смамбаев, учения проводились на территории станции Тобол с привлечением пожарного поезда, а также формированиями противопожарных звеньев Гражданской защиты.

В них принимали участие порядка 20 человек личного состава, в том числе негосударственной противопожарной службы, ВЖДО, а также других подразделений, в том числе гражданской обороны. Помимо противопожарного поезда станции Тобол, к учениям также были привлечены пять единиц техники.

По словам Султана Смамбаева, в ходе данных учений были отработаны: подача маневрового локомотива, отправление с места дислокации, прибытие на станционный путь, отправление со станции, прибытие на место условного пожара. После чего была произведена разведка места ЧС, выгрузка личного состава и снаряжения, боевое развертывание подразделений. Вскоре пожар был локализован, а затем и ликвидирован. По итогам данных учений штабом вынесена положительная оценка действий пожарных подразделений и экипажа противопожарного поезда.

– Главное в нашем деле – слаженность всех подразделений и четкость действий, ведь в реальной ситуации каждая секунда на счету. И от того, как будет действовать то или иное подразделение, насколько слаженно с другими и четко по инструкции, будут зависеть жизни людей. Также многие говорят, что мы часто проводим схожие учения, а то и одни и те же. Но они упускают из вида, что и состав противопожарных подразделений постоянно обновляется, меняется, приходят новые молодые сотрудники, и их нужно постоянно, что называется «обкатывать» на практике, чтобы они уверенно чувствовали себя в боевой обстановке, – говорит Султан Смамбаев.











Фото автора

ЕЩЕ НЕМНОГО

Светлана ВЕРШИННИНА,
Караганда



Близится к завершению строительство пешеходного путепровода через железную дорогу в районе Большой Михайловки на станции Караганозек. До конца ноября объект будет сдан в эксплуатацию.



Жители станции ждут этого события давно, так как до этого была зафиксирована череда несчастных случаев со смертельным исходом.

Из-за отсутствия перехода под колесами поезда оказывались пешеходы всех возрастов – школьники, трудоспособное население и пожилые люди. К примеру, при сокращении пути и подлезании под вагонами погиб подросток, а через год еще один школьник получил серьезные увечья.

Как отметил региональный главный ревизор департамента безопасности движения по Карагандинскому участку Булатбек Альмуразаев, работниками КТЖ неоднократно были направлены письма в местные исполнительные органы, в которых говорилось об обеспечении безопасности пешеходов на путях, так как на сегодняшний день эта задача является приоритетной.

Проектировщиками была подготовлена проектно-сметная документация. При этом жители города имели возможность высказать свое видение по поводу будущего пешеходного путепровода, а представители акимата прислушались к ним, так как переход предназначен в первую очередь для местного населения станции Караганозек. Обсуждение проводилось открытым способом в Instagram.

Согласно проекту, высота путепровода составляет семь метров, длина сооружения – 66 метров, а вес конструкции – около 140 тонн. Сумма договора – 645 миллионов тенге. Реализует проект подрядная организация ТОО «Темир Арка». Проектом предусмотрено не только строительство путепровода, но и благоустройство подходов путей. Так, на улице Перронная заасфальтируют дорогу, вымостят тротуары, установят столбы освещения.

– На сегодняшний день осталось завершить работы по закрытию боковых частей, укладке брусчатки, строительству пандуса и покраске конструкции, – резюмировал Булатбек Альмуразаев.

Фото автора

55 ЖАСТА – ЗЕЙНЕТКЕ

Ұлттық компанияның теміржолшыларды әлеуметтік қолдау саясатының бір парасы – еңбеккерлердің ерте зейнетке шығу бағдарламасы. Осы бағдарламаға орай Қызылорда локомотив пайдалану депосына қарасты Қазалы айналым депосының машинисті Берік Құдайбергенов 55 жасында зейнет демалысына шықты.



Ерте зейнетке шығу бағдарламасы қиын да күрделі еңбек жағдайында жұмыс жасайтын, денсаулығына байланысты зейнет жасына таяп қалған жұмысшылар арасында ерекше сұранысқа ие. Алайда «ерте зейнетке шығу жасына жетсем болды, жұмысты қоямын» дейтіндер 55 жасқа жеткенде кежегені кері тарта бастайды екен. Олармен кадр

бөлімінің мамандары мен кәсіподақ ұйымындағылар түсіндіру жұмысын жасап әуре болып жүргені. Қазалылық машинист Берік Құдайбергенов те басы жерге жетіп отырған жоқ, зейнеткер дейтін жөні жоқ, қамал алатын қырық жастай қылшылдап тұр. Бірақ теміржолдағы жеңілдікті пайдаланып, ерте зейнетке шығу құқынан бас тартпай, жолдас-жол

рларының құрмет-қошеметіне бөленіп, зейнетке кетті.

1969 жылы Қызылорданың Әйтеке би кентінде дүниеге келген Бекеннің әкесі Совет Құдайбергенов 1970-1996 жылдар аралығында жолаушылар тасымалдайтын 2-класты машинист болып еңбек еткен. Әке жолын қуған Берік те тепловоз көмекшісінің курсы бітіріп, 1990 жылдары Қазалы депосында машинист көмекшісі болып еңбек жолын бастапты. 1995 жылы Ақтөбе қаласындағы машинист курсына тамамдап, 1996-1998 жылдар аралығында Қызылорда қаласындағы теміржол техникумын бітіріп, 2017 жылдан бастап тепловоз машинисті болды. Жолаушыларды тасымалдау пойызының 2-класты машинисті ретінде еңбекқорлығымен, тиянақтылығымен көзге түсті. Өзі ісінің нағыз мамына айнала білді.

Сабырхан СЕЙЛБЕКҰЛЫ,
Қазалы
Суретті түсірген автор

ЭКСКУРСИИ С ПРИЦЕЛОМ НА БУДУЩЕЕ

На станции Караганда-Сортировочная прошла экскурсия для студентов третьего курса Карагандинского железнодорожного колледжа по специальности «техник-организатор перевозок».



Ребята смогли посетить пост электрической централизации № 2 Карагандинского отделения магистральной сети», рабочие места дежурных по станции и дежурных по горке, визуально увидеть процесс роспуска составов сортировочной горки с использованием вагонных замедлителей. Организаторами мероприятия стали начальник производственно-технического отдела станции Караганда-Сортировочная Евгения Шевченко и преподаватель специальных дисциплин Карагандинского железнодорожного колледжа Алина Чуйко.

– На сегодняшний день помимо теоретических знаний

важны практические. После окончания колледжа студенты должны прийти в организацию подготовленными, чтобы сразу же приступить к работе, и здесь важны экскурсионные мероприятия с посещением железнодорожных структур, – считает Евгения Шевченко.

В ходе практического мероприятия ребята смогли пообщаться с работниками станции и задать интересующие их вопросы.

К примеру, они узнали о том, что станция Караганда-Сортировочная – мощное технически оснащенное предприятие, имеющее огромную пропускную способность. Протяженность станции составляет девять километров и

включает в себя девять парков – два сортировочных, четыре приемоотправочных, обгонный, а также парк очистки вагонов и парк подготовки вагонов под погрузку.

На территории парка дислоцируются две сортировочные горки средней мощности, а также четная горка, управляемая горочным микропроцессорным комплексом.

– Здесь также расположены эксплуатационное локомотивное депо, вагонное ремонтное депо, пути механизированного вагонного ремонтного пункта эксплуатационного вагонного депо, машинный двор дистанции пути, пожарный и восстановительный поезд, – рассказывает Евгения Шевченко. – Станция обслуживает подъездные пути девяти предприятий и организаций, в том числе таких крупных ветвладельцев, как ТЭЦ-3 ТОО Караганды-Жылу.

Экскурсионное мероприятие стало полезным практическим занятием для ребят, решивших связать свою судьбу с железной дорогой, и в этом им помогают старшие товарищи, готовые и дальше поддерживать своих подопечных полезными советами и знаниями.

Светлана МОГАЙ, Караганда
Фото автора

Еске алу

СЕГІЗ ҚЫРЛЫ, БІР СЫРЛЫ АЗАМАТ ЕДІ...



ҚТЖ бас ғимаратындағы Орталық музейде белгілі теміржолшы Асқар Сәрсенбековті еске алуға арналған «Тағдырын теміржолмен тоғыстырған тұтқа» атты дөңгелек үстел өтті. Магистральдық желі дирекциясы Адами ресурстарды басқару департаменті ұйымдастырған жиынға тарлан теміржолшымен бірге жұмыс істеген әріптестері мен ардагерлер, отбасы мүшелері қатысты.

Жиналғандар 40 жылға жуық өмірін теміржол саласына арнаған кәсіби теміржолшы Асқар Сәрсенбековтің білікті маман, бірегей басшы болумен қатар ерекше мейірімді, қамқор жан, әрі сурет өнерін хоббиына айналдырған шығармашылық иесі болғанын енгізіледі. «ҚТЖ» ҰК» АҚ аппарат басшысы Серік Кеулімжаев тарлан теміржолшының салаға сіңірген еңбегі орасан зор екенін, зейнетке шықса да өмірінің соңына дейін консультативтік кеңес құрамында болат жолды дамытуға үлесін қосып, кейінгі буын мамандарға ұстаз бола білгенін тілге тиек етті.

1949 жылы Жамбыл облысы Шу ауданында дүниеге келген Асқар Боранқұлұлы еңбек жолын Шығанақ станциясында №4 вагон депосының дәнекерлеушісі болып бастаған екен.

Сол депода 20 жыл еңбек етіп, депо бастығы лауазымына дейін көтерілген. Алматыда теміржол

саласында арнаулы орта және жоғары білім ала жүріп жұбайы Бибіхан Тұрдалықызымен екі ұл, бір қызды өсіріп жеткізген. 1988 жылы Жамбыл жол бөлімшесінің бастығы, 1995-1998 жылдары Шу қаласының әкімі, Жамбыл облысы әкімінің орынбасары қызметтерін де абыроймен атқарады. 2002 жылы теміржолға қайта оралып, ҚТЖ-ның кадр саясаты департаментін басқарады. Сонымен қатар компания басшысының Солтүстік аймақ бойынша өкілі, компания президентінің кеңесшісі қызметтерін атқарды, өмірінің соңына дейін Ардагерлер кеңесінде қызмет етті. «Құрметті теміржолшы» төсбелгісінің иегері, «Қозғалыс қауіпсіздігі үшін», «Адал еңбегі үшін» және басқа да медальдармен марапатталған.

А. Сәрсенбеков бойындағы тума талантының арқасында қылқаламмен қайталанбас тамаша туындылар тудырып, Қазақстан

Суретшілер одағына мүше болды, зиялы қауым ортасына танылған теміржолшы. Сурет өнері саласында «Құрметті дизайнер» атанып, Суретшілер одағының «Құрмет» төсбелгісін иеленді.

Дөңгелек үстелеге танымал қылқалам шеберлері де келіп, Асқар Боранқұлұлымен бірге әріптес болғанын, оның адамдық қасиеті жоғары, сан қырлы талантты жан болғанын айтып, естеліктерімен бөлісті. «Қазкөлік-кәсіп» ҚБ Астана филиалының төрағасы Серік Сәрсекеев, ҚТЖ Адами ресурстарды басқару департаментінің директоры Әлихан Қыраубаев, Астана қаласы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Берік Айтбеков және басқа да көзқарған азаматтар естелігімен бөлісіп, теміржолшылар музейіне сыйға тартқан шығармалары көптің назарына ұсынды.

Райхан РАХМЕТОВА
Суретті түсірген АЛЕКСАНДР ЖАБЧУК

СТАБИЛЬНАЯ СТАТИСТИКА

На станции Павлодар за девять месяцев не допущено ни одного происшествия, за это время было проведено 19 профилактических мероприятий.

По информации главного специалиста по безопасности движения станции Павлодар Татьяны Смаиловой, их основная цель – обеспечение безопасности на железной дороге, регулирование безопасного движения пассажирских и грузовых поездов, предупреждение правонарушений, несчастных случаев с людьми, особенно с детьми на железнодорожном транспорте, недопущение нахождения домашних животных на обочинах железных дорог. За десять месяцев совместно с ЛОП, ВЖДО проведено десять рейдов, девять разъяснительных бесед в учебных заведениях и десять с населением.

– Особое внимание уделяем встречам со студентами и школьниками, рассказываем о страшных последствиях, которые могут возникнуть, если они будут нарушать правила нахождения на же-



лезной дороге, – говорит Татьяна Валентиновна. Дежурные станции Павлодар какжде три часа проводят оповещение по громкоговорящей связи обо всех передвижениях на станции при приеме, отправлении пассажирских, грузовых поездов и при производстве маневровой работы.

Айдана ЕРТАЙ, Павлодар
Фото автора

«СЕРЕБРО» ТУРНИРА В ТУРЦИИ



Сборная команда АО «НК «ҚТЖ» заняла второе место на Международном турнире по мини-футболу International Corporate Cup в Турции.

В чемпионате участвовали 12 команд из разных стран. В ходе группового этапа спортсмены АО «НК «ҚТЖ» обыграли команды из Сербии и Турции, выйдя в плей-офф с первого места.

В данных соревнованиях приняли участие свыше 140 спортсменов с таких стран, как Казахстан, Сербия, Турция, Словения, Иран, что примечательно, Казахстан представляли аж пять команд, в том числе ҚТЖ.

– Мы сыграли несколько матчей, и каждая игра была по-своему тяжелой, но нам удалось пройти в финал. К сожалению, в заключительной игре не хватило немного мастерства и удачи, чтобы занять первое место, но мы довольны достигнутым результатом. Спасибо организаторам турнира, судьям, а также всем, кто поддерживал и верил в нас, – отметил нападающий сборной АО «НК «ҚТЖ», начальник отдела логистики и организации перевозок Акмолинского отделения ГП Арман Сурапбай.

В четвертьфинале железнодорожники сыграли с турецкой



командой Kaplan Grup. В ходе матча команды старались продемонстрировать свои лучшие навыки владения мячом, а также грамотное видение поля. Игра прошла очень эмоционально и напряженно, а дополнительный накал страстей игрокам из Турции придавала большая поддержка болельщиков. Но в этот день фортуна была на стороне команды ҚТЖ. Матч завершился со счетом 2:0 в пользу железнодорожников.

В полуфинале железнодорожники встретились с турецкой командой İVA KİMÜA. В ходе игры соперники не смогли ничего противопоставить футбольным голеадорам из Казахстана. В результате – уверенная победа со счетом 3:0.

Матч за «золото» команды ҚТЖ и Абугоу начали осторожно, не форсируя события, так как цена ошибки была высока. К сожалению железнодорожникам в этот день не везло, и после нескольких серьезных ошибок матч завершился со счетом 2:0.

Турнир продемонстрировал высокий уровень команд и конкуренции. Ведь некоторые результаты матчей были неожиданными, но благодаря этому футбол и завоевал признание во всем мире.

Напомним, в сентябре сборная команда ҚТЖ стала чемпионом Казахстана по мини-футболу турнира Quzmet cup, получив право представлять железнодорожную отрасль в Турции.

Айлин БАУРЖАН
Фото автора

ТҮРКІСТАНҒА САЯХАТ

25 қараша – Халықаралық әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою күніне орай Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесінде еңбек ететін бір топ қыз-келіншектер киелі Түркістанға саяхат жасады.

Қым-қуып тіршілікті бір сәтке ұмыттырып, рухани серпіліс сыйлаған танымдық турды кәсіподақ ұйымы ұйымдастырды. Жыл сайын бұл күні кәсіподақ ұйымы бөлімшесінде еңбек етіп жатқан қыз-келіншектер арасында түрлі спорттық спартакиадалар өткізетін. Биыл ол үрдіске өзгеріс енгізіліп, 50 қызметкерге тарихи жерлерге саяхат ұйымдастырылды.

– Саяхат барысында арнайы гид қызмет көрсетті. Талапқа сай алғашқы медициналық қызмет көрсететін фельдшерді де ұмытқан жоқпыз. Біркүндік туристік сапар кезінде теміржолшы қыз-келіншектерді «Домалақ ана» кесенесіне, жергілікті тұрғындар «Үңгіртас» атап кеткен Ақмешітке, Арыстан баб, Қожа Ахмет Ясауи кесенелеріне апарды. Арыстан баб кесенесінде құрбан шалып, саяхатшыларға түскі ас беріп, кесене аумағына жеміс ағаштарын



отырғыздық, – дейді ұйымдастыру жұмыстарының басы-қасында жүрген кәсіподақ ұйымы төрағасының орынбасары Серік Наурызбаев.

Түркістан қаласында туристер міндетті түрде соқпай кетпейтін архитектурасы ерекше «Алтын самұрық» театры бар. Жамбылдық саяхатшылар ұшатын театр аталып кеткен алтын шардың алдында аспанға түрлі-түсті шар ұшырды. Керуен сарайдағы кешкі шоу бағдарламаны тамашалады.

«Бұл тарихи және танымдық тур кереметтей рухани байлық, тазару сыйлады», – дейді саяхатшылар.

Ардақ ҮСЕЙІНОВА, Жамбыл
Суретті түсірген автор

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ

ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 11 340

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Р. Рахметов, С. Бакесова

Меншікті тілшілер:
Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Жамбыл: Ардақ Үсейінова 8-777-667-26-20
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Жауапты хатшы
Ерболат Тілеубергенов,
тел.: +7 702 5795768

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.